



ЕРЕЖЕ

Республикалық конкурс

Графикалық дизайн объектілерін әзірлеу

01.11.2023-14.11.2023

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

Жалпы ереже

1. Осы ереже графикалық дизайн объектілерін әзірлеу бойынша эскиздер конкурсын (бұдан әрі – конкурс) ұйымдастырудың мақсатын, міндетін, тәртібін және өткізу кезеңін айқындайды.
2. Байқаудың ұйымдастырушысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер» кафедрасы (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) болып табылады.
3. Конкурс барысы туралы ақпарат <https://farabi.university> ресми сайтына енгізіледі.
4. Ұйымдастырушы осы Ережеге кез-келген өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, оларды ЖОО-ның ресми сайтында және әлеуметтік желілерде жариялауға құқылы.

Конкурстың мақсаттары мен міндеттері

1. Қазақстанның ең ірі жоғары оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне арнайы графикалық дизайн объектілерін әзірлеу кезінде шығармашылық белсенділікті, шығармашылық көзқарасты дамыту және дарынды жастарды анықтау;
2. Графикалық дизайн саласында жаңа идеялар мен эксперименттік технологияларды іздеу;
3. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ брендінің қазіргі заманғы бірегейлігінде ұлттық мәдениет элементтерін пайдаланудың жаңа нысандарын іздеу.

Байқау номинациясы

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің логотипін әзірлеу;
2. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне брендбук әзірлеу.

Конкурсты өткізу мерзімдері және қорытындылау

Өтінімдер 2023 жылғы 01 қарашадан 14 қарашаға дейін қабылданады. 2023 жылдың 15 қарашасында жеңімпаздар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне марапаттауға шақырылады. (Мекенжайы: әл-Фараби даңғылы, 71, ГУК-3, кабинет 211)

Барлық қатысушыға байқауға қатысқаны үшін сертификат табысталады. Комиссия шешімімен 3 (үш) жүлделі орын анықталады – бірінші, екінші, үшінші.

Барлық жеңімпазға ақшалай сыйлықтар беріледі:

- 1 орын – 300 мың теңге;
- 2 орын – 200 мың теңге;
- 3 орын – 100 мың теңге.

Талаптарға сәйкес келмеген жағдайда конкурстық жобалар мен өтінімді ұйымдастыру комитеті қабылдамайды.

Конкурсқа қатысу шарттары

1. Конкурсқа өнер және мәдениет колледждері мен мекемелерінің оқушылары, Қазақстан Республикасының шығармашылық жоғары оқу орындарының студенттері, оқытушылар, сондай-ақ графикалық дизайнда өз күшін сынап көргісі келетін әуесқойлар мен барлық ниет білдірушілер (бұдан әрі – Қатысушылар) қатыса алады;
2. Қатысушылардың жасы 16 жастан жоғары болуы тиіс;
3. Қатысу үшін конкурсқа өтінім жіберу қажет. Өтініммен бірге идеяның қысқаша сипаттамасы бар әзірleme – эскиздердің фотосуреттері немесе сканерлері ұйымдастырушының электрондық мекенжайына жіберіледі;
4. Құрастырылған эскиздерді қолмен немесе кез келген графикалық компьютерлік бағдарламада жасауға болады; техника, түсті, идеяның сипаттамасымен, соңғы сән трендтеріне сәйкес жасалған, айқын келбеті бар, шығармашылық түс схемасы, жаңа формалар, ұлттық стиль элементтерін міндетті түрде қолдану және нобай мен эскизді міндетті түрде сипаттау.

5. Өтінім беру арқылы қатысушылар Ережемен, қатысу шарттарымен таныс екенін растайды және марапаттау комиссиясының шешімін түпкілікті деп қабылдайды.
6. Конкурсқа қатысушы және/немесе оның заңды өкілі өтінімде көрсетілген ақпарат үшін толық заңды жауапкершілікте болатынымен танысып, келіседі.
7. Қатысушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленгендей өзінің жеке деректерін пайдалануға рұқсат береді.
8. Қатысушы ұйымдастырушыларға берілген барлық ақпарат үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзбайтынына кепілдік береді. Ұйымдастырушы қатысушы ұсынған материалдарға авторлық және басқа да құқықтарды бұзу туралы үшінші тұлғалардың ықтимал талаптары үшін жауапты емес. Мұндай талаптарды қатысушы дербес және оның есебінен толық реттейді.
9. Ұжымдық әзірлемелер қабылданбайды.
10. Номинациялардың бірінде жеңіске жеткен жағдайда қатысушы өзінің эскиздерін одан әрі пайдалану үшін ұйымдастырушыға тегін береді.

**Қатысуға және әзірлеуге өтінім мына электронды мекенжайға
жіберіледі:**

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, журналистика факультеті

Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының меңгерушісі,
ф.ғ.д., профессор – А.А. Рамазан (тел.: +7776-118-08-47).

Ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі
кафедра меңгерушісінің орынбасары – Е.Т.Кисимисов (тел.: +707 520 99 56).

Электронды пошта: kaznu.baspa_design@mail.ru

Байқау сайты: <https://farabi.university/>

Әлеуметтік желілер:

https://instagram.com/kaznu_baspa_design?igshid=OGQ5ZDc2ODk2ZA==

ӨТІНІМ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үшін графикалық дизайн объектілерін
әзірлеу жөніндегі республикалық конкурсқа қатысу**

- Қатысушының Т. А. Ә.
- Туған күні, жасы
- Білімі (оқу орнының атауы, мамандығы, оқу кезеңі)
- Графикалық дизайн саласындағы кәсіби тәжірибе
- Номинация
- Жұмыстың қысқаша сипаттамасы
- Орындау техникасы, материалдар, стиль
- Байланыс телефондары, E-mail
- Қала